


ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ ОҚУ-АҒАРТУ МИНИСТРЛІГІ

АРНАЙЫ ЖӘНЕ ИНКЛЮЗИВТІ БІЛІМ БЕРУДІ ДАМУДЫҢ
ҰЛТТЫҚ ҒЫЛЫМИ-ПРАКТИКАЛЫҚ ОРТАЛЫҒЫ

Бекітемін
ҚР ОАМ АИБД ҰҒПО РММ
Директорының м.а. Жангелдинова З.Б. 
2026 жылдың «15» сәуірі

АРНАЙЫ БІЛІМ БЕРУ ҰЙЫМДАРЫНЫҢ,
АРНАЙЫ БАЛАБАҚШАЛАР МЕН АРНАЙЫ МЕКТЕПТЕРДІҢ
ПЕДАГОГТЕРІНЕ АРНАЛҒАН РЕСПУБЛИКАЛЫҚ КӘСІПТІК
ШЕБЕРЛІК КОНКУРСЫНЫҢ
ЕРЕЖЕСІ

Алматы, 2026

**Арнайы білім беру ұйымдарының, арнайы балабақшалар мен
арнайы мектептердің педагогтеріне арналған
республикалық кәсіптік шеберлік конкурсының
ережесі**

1. Жалпы ережелер

1.1 Осы Ереже оналту орталығының, психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің, аутизмі бар балаларды қолдау орталығының «Үздік педагог» республикалық педагогикалық шеберлік конкурсы, «Арнайы білім берудің педагог-инноваторы», «Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның үздік педагогы» республикалық педагогикалық шеберлік конкурсын (бұдан әрі – Конкурс) ұйымдастыру және өткізу тәртібін айқындайды.

Конкурска оналту орталықтарының (бұдан әрі – ОО), психологиялық-педагогикалық түзету кабинеттерінің (бұдан әрі – ППТК), аутизмі бар балаларды қолдау орталықтарының (бұдан әрі – АО), психологиялық-медициналық-педагогикалық консультациялардың (бұдан әрі – ПМПК), сондай-ақ арнайы балабақшалар мен арнайы мектептердің педагогтары катысады.

Конкурс үш бағыт бойынша өткізіледі.

1.2. Осы ереже (бұдан әрі – Ереже) «Білім туралы» Қазақстан Республикасының Заңына, «Педагог мәртебесі туралы» Заңға, «Педагогтерді аттестаттауды өткізу қағидалары мен шарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 27 қаңтардағы № 83 бұйрығына, «Жалпы білім беретін пәндер бойынша республикалық және халықаралық олимпиадалар мен ғылыми жобалар конкурстарының (ғылыми жарыстардың), орындаушылар конкурстарының тізбесін бекіту, кәсіби шеберлік конкурстары мен спорттық жарыстар және оларды іріктеу критерийлері туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 7 желтоқсандағы № 514 бұйрығына сәйкес әзірленді.

1.3. Конкурс педагогикалық еңбектің беделін арттыру, арнайы білім беру ұйымдарының (бұдан әрі – АБҰ) үздік педагогтерінің тәжірибесін тарату, жеке тұлғаның әлеуметтік-кәсіби ресурстарын және АБҰ педагогтерінің кәсіби шеберлігін дамыту мақсатында өткізіледі. Конкурстың міндеттері: арнайы білім беру ұйымдарының педагогтерін анықтау, қолдау және көтермелеу; инновациялық педагогикалық қызметті таратуға жәрдемдесу, педагогикалық инновациялар мен шығармашылық белсенділікті көтермелеу, педагогикалық тәжірибені жалпылау түрлерін жетілдіру болып табылады.

1.4. Конкурсты ҚР Оқу-ағарту министрлігінің «Арнайы және инклюзивті білім беруді дамытудың ұлттық ғылыми-практикалық орталығы» РММ (бұдан әрі – АИБД ҰҒПО РММ) ұйымдастырады.

1.5. Конкурска Ереженің талаптарына сәйкес конкурска катысуға өтінім берген үлгілік білім беру ұйымында (ОО, ППТК, АО, ПМПК, арнайы мектеп, арнайы балабақша) кемінде 5 жыл жұмыс өтілі бар білім беру ұйымдарының педагогтері катысады. Қатысушылардың жасына шек қойылмайды.

2. «Арнайы білім берудің (арнайы балабақшаның, арнайы мектептің) үздік педагог-инноваторы» республикалық конкурсына қатысушылардың критерийлері, оларға атақ және номинациялар беру тәртібі

2.1. «Арнайы білім берудің үздік педагог-инноваторы» атағы жыл сайын Конкурсқа қатысқан арнайы балабақша, арнайы мектеп педагогтеріне конкурстық негізде беріледі.

2.2. «Арнайы білім берудің үздік педагог-инноваторы» атағын бір педагогқа үш жыл ішінде бір реттен артық беруге болмайды

2.3. Конкурсқа келесідей критерийлерге сәйкес келетін педагогтар қатысады:

- арнайы балабақшаның, арнайы мектептің штаттық педагогтары;
- Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде үш жыл үздіксіз педагогикалық өтілі бар.

2.4. Конкурс төмендегі номинациялар бойынша өткізіледі:

- **«Арнайы балабақшаның үздік жаңашыл педагогы (тәрбиешісі)»** (тәрбие процесін жүзеге асыратын педагогтар);

- **«Арнайы балабақша тәрбиеленушілерін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің үздік педагогы»** (мұғалім-логопед, сурдопедагог, тифлопедагог, олигофренопедагог, педагог-психолог);

- **«Арнайы мектептің үздік жаңашыл педагогы (мұғалімі)»** (оқу процесін жүзеге асыратын педагогтар);

- **«Арнайы мектеп оқушыларын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің үздік педагогы»** (логопед-мұғалім, сурдопедагог, тифлопедагог, олигофренопедагог, педагог-психолог);

- **«Арнайы мектептің үздік педагог-инноваторы (тәрбиешісі)»**.

Әрбір маман бір номинациядан артық қатыса алмайды.

3. «Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның үздік педагогы» республикалық конкурсына қатысушылардың критерийлері, оларға атақ және номинациялар беру тәртібі

3.1. «Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның үздік педагогы» атағы жыл сайын Конкурсқа қатысқан ПМПК мамандарына конкурстық негізде беріледі.

3.2. «Психологиялық-медициналық-педагогикалық консультацияның үздік педагогы» атағы бір педагогқа үш жыл ішінде бір реттен артық берілмейді.

3.3. Конкурсқа келесідей критерийлерге сәйкес келетін ПМПК педагогтары қатысады:

- ПМПК штаттық педагогтары болып табылатын;
- Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде үш жыл үздіксіз педагогикалық өтілі бар

3.4. Конкурс аясында келесідей номинациялар құрылды:

- «Педагогтың үздік бейне-визиткасы»;
 - «Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін үздік бағалау» (әлеуметтік педагогтардан басқа);
 - «Отбасына ең жақсы кеңес беру»;
 - «Отбасындағы баланың дағдыларын дамытудың үздік үй бағдарламасы»;
 - «Педагогтарға үздік консультативтік-әдістемелік көмек».
- Әр маман тек бір номинацияға қатыса алады.

4. Оналту орталығының, психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің, аутизмі бар балаларды қолдау орталығының «Үздік педагог» республикалық конкурсына қатысушылардың критерийлері, оларға атақ және номинациялар беру тәртібі

4.1. Оналту орталығының, психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің, аутизмі бар балаларды қолдау орталығының «Үздік педагог» атағы жыл сайын Конкурсқа қатысқан ППТК, АО және ОО педагогтеріне конкурстық негізде беріледі.

4.2. Оналту орталығының, психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің, аутизмі бар балаларды қолдау орталығының «Үздік педагог» атағы үш жыл ішінде бір педагогқа бір реттен артық берілмейді.

4.3. Конкурсқа келесідей критерийлерге сәйкес келетін педагогтар қатысады:

- ОО, ППТК, АО штаттық педагогтары болып табылатын;
- Конкурсқа қатысу үшін құжаттарды тапсыру сәтінде кемінде үш жыл үздіксіз педагогикалық өтілі бар.

4.4. Конкурс аясында келесідей номинациялар құрылды:

- «ОО/ППТК/АО үздік педагогы (мұғалімі)»;
- «ОО/ ППТК үздік педагогы (тәрбиешісі)».

Әр маман тек бір номинацияға қатыса алады.

5. Конкурсты өткізу тәртібі

5.1. Кезеңдерді өткізу мерзімдерін нақтылай отырып, Конкурс өткізу туралы хабарландыру Қазақстан Республикасының аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жарияланады. сондай-ақ Конкурстың бірінші кезеңі басталғанға дейін АИБД ҰҒПО-ның интернет-ресурсында орналастырылады.

5.2. Конкурс жыл сайын екі кезеңде өткізіледі:

5.2.1. Бірінші кезең - іріктеу: облыстық (қалалық), 20 сәуір мен 31 шілде аралығында өткізіледі. Өткізу түрі - ұсынылған құжаттар мен қатысушылардың материалдары негізінде күндізгі немесе сырттай. Іріктеу кезеңінің қорытындысы бойынша әр номинацияда 1-ші орын алған жеңімпаздар Конкурстың екінші кезеңіне қатысу үшін жіберіледі.

5.2.2. 2-кезең – финалдық, республикалық (01 тамыздан 30 қыркүйекке дейін). Өткізу түрі - бірінші кезеңнің қорытындысы бойынша қатысушылар туралы ұсынылған құжаттар мен конкурстық материалдар негізінде сырттай.

5.3. Конкурса қатысу үшін Ереженің 1.5, 2.3, 3.3, 4.3-тармақтарының талаптарына сәйкес келетін педагогтер 6.4-тармақта көрсетілген өтінімді және барлық қажетті құжаттарды, конкурстық материалдарды береді. Осы Ережеде көрсетілген талаптар мен формаларға сәйкес келмейтін және/немесе материалдарды ұсыну мерзімінен кеш түскен материалдар каралмайды.

5.4. Конкурсты өткізу үшін әрбір кезенді өткізуге Конкурстық комиссиялар (бұдан әрі – Комиссиялар) қалыптастырылады және бекітіледі. 1-кезенді өткізу үшін комиссияны облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың Білім басқармасы (бұдан әрі – Басқарма) қалыптастырады, Комиссия құрамы Басқарманың бұйрығымен бекітіледі. 2-кезенді (финалды) өткізу үшін Комиссия АИБД ҰҒПО РММ-де құрылады, Комиссия құрамы АИБД ҰҒПО РММ директорының бұйрығымен бекітіледі.

5.5. Конкурстық Комиссиялар:

Конкурс кезеңдерін дайындап, өткізуге тікелей басшылықты жүзеге асырады, өткізу мерзімдері, бағдарламасы, Конкурс құзыреттерінің тізбесі бойынша ұсыныстар қалыптастырады;

1) қазылар алқасының құрамын бекітеді, қорытындылайды және жеңімпаздар мен жүлдегерлерді марапаттайды;

2) Конкурстың құжаттамасын (конкурстық тапсырмалар, бағалау критерийлері, номинациялар бойынша қорытынды хаттамалар және басқа құжаттар) әзірлейді;

3) білім беру ұйымдарына ақпараттық хаттар, бағдарлама және т.б. жолдайды;

4) Конкурстың финалдық кезеңін өткізу үшін орын беруді айқындайды (күндізгі формат жағдайында);

5) Конкурсты техникалық сүйемелдеуді қамтамасыз етеді;

6) Конкурсты ақпараттық жария етуді қамтамасыз етеді.

5.6. Финалдық кезеңнің жеңімпаздарын анықтау үшін Конкурстың қазылар алқасы құрылады.

5.7. Конкурстың құрамы мен қазылар алқасының төрағасын АИБД ҰҒПО Конкурстық комиссиясы айқындайды:

1) қазылар алқасы критерийлерге сәйкес ең көп балл саны бойынша Конкурс жеңімпаздарын айқындайды;

2) жеңімпаздарды анықтауды қазылар алқасының мүшелері жабық дауыс беру арқылы жүзеге асырады.

5.7. Конкурс туралы ақпарат және байланыс мәліметтері (телефон, электрондық почта адресі) ұйымдастырушының – АИБД ҰҒПО РММ ресми сайтында орналастырылады.

6. Конкурстың 1-кезеңін өткізу тәртібі

6.1. 1-кезең (іріктеу) облыстар мен республикалық маңызы бар қалалар (Астана, Алматы, Шымкент) деңгейінде өткізіледі. 1-кезеңге қатысу үшін

Ереженің 1.5, 2.3, 3.3, 4.3-тармақтарына сәйкес АБҰ педагог қызметкерлері шақырылады. Өткізу түрі – ұсынылған құжаттар мен қатысушылардың материалдары негізінде күндізгі немесе сырттай. Кезенді өткізу мерзімдері сәуірден шілдеге дейін, нәтижелері бойынша екінші кезенге қатысу үшін ұсынылатын Конкурстың 1-кезенінің жеңімпаздары айқындалады.

6.2. Комиссия құрамы Баскарма қызметкерлерінен, тәжірибелі педагогтерден, педагогикалық шеберліктің кәсіби конкурстарының жеңімпаздарынан, әдістемелік қызметтерден, біліктілікті арттыру институттарының қызметкерлерінен, сондай-ақ білім беру саласындағы қоғамдық бірлестіктердің өкілдерінен құралады. Комиссия мүшелерінің саны кемінде жеті адамды құрайды. Комиссия төрағасы мен төрағаның орынбасары Комиссия мүшелерінің арасынан сайланады. Комиссия отырыстары оның мүшелерінің кемінде үштен екісі болған кезде заңды деп есептеледі. Хатшы оның мүшесі болып табылмайды.

6.3. Конкурстың 1-кезенін өткізу туралы хабарландыруды өңірдің білім басқармасы (бұдан әрі – Баскарма) облыс, қала аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында жариялайды, сондай-ақ Конкурстың 1-кезенін өткізу басталғанға дейін күнтізбелік он бес күн бұрын Басқарманың Интернет-ресурсында орналастырады. I (іріктеу) кезенге қатысуға өтінім сканерленген нұсқадағы нысанға *(1-қосымша)* сәйкес, 2026 жылғы 01 мамырға дейінгі мерзімде «Конкурс» деген белгісі бар Басқарманың электрондық адресіне беріледі.

6.4. I (іріктеу) кезенге қатысу үшін конкурстық материалдар пакетіне мыналар кіреді:

- 1) Конкурстың барлық қатысушылары үшін жалпы құжаттар:
 - сканерленген нұсқада ұсынылатын нысанға (1-қосымша) сәйкес Конкурсқа қатысуға өтінім;
 - арнайы білім беру ұйымының басшысы қуәландырған педагогке ұсыным;
 - жұмыс орны бойынша қуәландырылған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парак;
 - жеке басын қуәландыратын құжаттың көшірмесі;
 - арнайы білім беру ұйымының ұйымдастыру комитеті отырысының хаттамасынан үзінді көшірме және оны қазақ немесе орыс тілінде ұсыну;
 - 3-қосымшада баяндалған құрылымға сәйкес педагогтің электрондық портфолиосы;
 - педагогтің бейне-визиткасы – 5-қосымшада баяндалған техникалық талаптарға сәйкес дайындалған педагогтің кәсіби құзыреттілігі, кәсіби жетістіктері мен жеке қасиеттері туралы ақпаратты қамтитын қысқаша бейнеролик;
 - конкурсқа қатысушының кәсіби мақсаттары мен құндылықтарын, әдістемелік жүйесін және оң жұмыс тәжірибесін таныстыру;
- 2) арнайы балабақшалардың, арнайы мектептердің, ОО, ППТК және АО педагогтеріне арналған қосымша материалдар:
 - ұзақтығы 30 минуттан аспайтын ашық іс-шараның (оқу, сабақ, тәрбие іс-шарасы) бейнежазбасы;

- сабак жоспары немесе ашық іс-шараның өзге құжаты;
- ашық іс-шараны өзін-өзі талдау;
- 3) ПМПК педагогтеріне арналған қосымша материалдар:
 - қолданылатын әдістемелерді көрсете отырып, баланы тексерудің толық (егжей-тегжейлі) хаттамасы;
 - ата-аналарға жүргізілген тексеру, оның нәтижелері, анықталған ерекше білім беру қажеттіліктері, оларды оқыту мен тәрбиелеу процесінде қанағаттандыру туралы кеңес беру процесінің бейнеролигі;
 - отбасында баланың дағдыларын дамытудың әзірленген үй бағдарламасы;
 - "Әдістемелік жинақ" - авторлық бағдарламалар, әдістемелік ұсыныстар, жеке кеңестер және т.б.;
 - "Мен - ПМПК педагоғым!"».

6.5. Материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар және ұсыну тәртібі 2-қосымшада айқындалған. Конкурстың I (іріктеу) кезеңіне қатысуға жіберілген материалдар рецензияланбайды және қайтарылмайды.

6.6. Материалдарды ұсыну мерзімі 30 мамырдан кешіктірілмейді. Көрсетілген мерзімнен кеш келіп түскен немесе талаптарды бұза отырып ресімделген материалдар қарауға қабылданбайды.

6.7. Конкурстық комиссия ұсынылған материалдарды бағалайды. Конкурстың I-кезеңінің әрбір номинациясындағы қатысушылардың рейтингін айқындайды. Конкурстың I-кезеңінің нәтижелері Комиссия отырысының хаттамасымен тіркеледі және әрбір қатысушыға 20 шілдеден кешіктірмей электрондық почта арқылы хабарланады. Конкурстың I-кезеңінің әрбір номинациясы бойынша жеңімпаздар (I-орын) Конкурстың II кезеңіне қатысу үшін ұсынылады.

6.8. Облыстардың және республикалық маңызы бар қалалардың білім басқармасы (Астана, Алматы, Шымкент) АИБД ҰҒПО РММ-не бірінші кезеңнің жеңімпаздары туралы мәліметтермен (Т.А.Ә., жұмыс орны, лауазымы, байланыс деректері) ресми хат жолдайды. Хатқа Конкурстың бірінші кезеңінің қорытындылары хаттамасының көшірмесі қоса беріледі.

6.9. Конкурстың I-кезеңінің жеңімпаздары (I-орын) өз конкурстық материалдарын осы Ереженің 7-бөлімінде көрсетілген электрондық адресстерге **1 тамыздан** кешіктірмей дербес жібереді.

6.10. Материалдарды ресімдеуге қойылатын талаптар және ұсыну тәртібі 2-қосымшада айқындалған. Көрсетілген мерзімнен кеш келіп түскен немесе талаптарды бұза отырып ресімделген материалдар қарауға қабылданбайды, рецензияланбайды және қайтарылмайды.

7. Конкурстың 2-кезеңін өткізу тәртібі

7.1. Конкурстың II кезеңі (финал) облыстық және республикалық маңызы бар қалалардың бірінші кезеңінің жеңімпаздары арасында әр номинация бойынша өткізіледі. Өткізу түрі – сырттай. Өткізу мерзімі – тамыз-қыркүйек.

7.2. Конкурстың II (финалдық) кезеңіне қатысу үшін конкурстық материалдар пакетіне мыналар кіреді:

- Конкурса қатысуға арналған нысан бойынша өтінім сканерленген нұсқадағы нысанға (1-қосымша) сәйкес беріледі;
- білім беру ұйымының басшысы куәландырған педагогке ұсыным;
- жұмыс орны бойынша куәландырылған кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парак;
- жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;
- облыстың (қаланың) білім беру ұйымының конкурстық комиссиясы отырысының хаттамасынан үзінді;
- электрондық портфолио (педагогтің электрондық портфолиосының құрылымы 3-қосымшада көрсетілген);
- кәсіби қызмет туралы ақпаратты қамтитын конкурса қатысушының портфолиосы;
- конкурса қатысушының кәсіби мақсаттары мен құндылықтарын, әдістемелік жүйесін, он жұмыс тәжірибесін таныстыру;
- педагогтің бейне-визиткасы - қоса беріліп отырған техникалық шарттарға сәйкес (ПМПК мамандары үшін) педагогтің кәсіби құзыреттілігі, жеке жетістіктері мен қасиеттері туралы ақпаратты қамтитын қысқаша бейнеролик;
- пайдаланылған әдістемелерді көрсете отырып, баланы тексерудің толық (егжей-тегжейлі) хаттамасы, ата-аналарға жүргізілген тексеру, оның нәтижелері, анықталған ерекше білім беру қажеттіліктері, оларды оқыту және тәрбиелеу процесінде қанағаттандыру туралы кеңес беру процесінің бейнеролигі (ПМПК мамандары үшін);
- отбасында баланың дағдыларын дамытудың әзірленген үй бағдарламасы;
- «Әдістемелік жинақ» - авторлық бағдарламалар, әдістемелік ұсынымдар, жеке консультациялар және т.б. (ПМПК мамандары үшін);
- «Мен - ПМПК педагоғым!» (ПМПК мамандары үшін).

7.3. Педагогтер Конкурса ұсынған материалдар **6-қосымшаның** критерийлеріне сәйкес бағаланады.

7.4. Конкурстың қазылар алқасы:

1) қатысушының білім және практикалық дағдылар саласындағы кәсіби құзыреттілік деңгейін, мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыс істеудегі кәсіби шеберлігін;

2) педагогтің кәсіби қызметі жүйесінің тиімділігі мен нәтижелілігін, сабақтарды (тәрбие іс-шараларын) өткізу әдістемесін меңгеру дәрежесін, сондай-ақ қазіргі кезеңде мүмкіндігі шектеулі балалармен жұмыста ғылыми-әдістемелік проблематиканы білуді, НҚА саласында хабардар болуды;

3) жеке қасиеттерді: педагогикалық түйсігін, креативтілігін, импровизациясын, ұйымдастырушылық қабілетін, коммуникативтілігін бағалайды.

*Ескертпе: 1-кезеңнің әрбір финалисінің конкурстық жұмысы **бір** хатпен, зір-қалташа форматында төмендегідей электрондық пошта арқылы жіберіледі:*

- арнайы мектептер мен арнайы балабақшалар қатысушылары үшін - sso_konkurs@mail.ru.

- ПМПК мамандары үшін - dko_nnpk@mail.ru.

- ОО, ППТК және АО қатысушылары үшін - kppk.rc@mail.ru).

Хаттың тақырыбында қатысушының аты-жөні, аймағы, номинацияның атауы және ұсынылған ұйым көрсетіледі.

8. Конкурс қорытындысын шығару

8.1. II (финалдық) кезеннің нәтижелері бойынша Комиссия Конкурстың жеңімпаздары мен жүлдегерлерін айқындайды. Комиссия шешім қабылдаған күннен бастап күнтізбелік он бес күннен кешіктірілмейтін мерзімде әрбір номинациядағы жеңімпаздар мен жүлдегерлерге I, II және III дәрежелі дипломдар табыс етіледі.

8.2. Әр номинация бойынша Конкурстың жеңімпазы рейтингте ең көп балл жинаған қатысушы болып табылады.

8.3. Номинация шеңберінде бәсекелестік орта болмаған жағдайда, жеңімпаздар мен жүлдегерлер анықталмайды.

8.4. Конкурстың II кезеңінің қорытындылары облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың аумағында таратылатын бұқаралық ақпарат құралдарында Конкурс аяқталғаннан кейін күнтізбелік он күннен кешіктірілмей жарияланады, сондай-ақ «АИБД ҰҒПО» РММ, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің Интернет-ресурсында орналастырылады.

Арнайы білім беру ұйымдарының,
арнайы балабақшалар мен арнайы мектептердің
педагогтері үшін республикалық педагогикалық
шеберлік конкурсы туралы ережеге
1-қосымша

Арнайы білім беру ұйымдарының, арнайы балабақшалар мен
арнайы мектептердің педагогтері үшін республикалық
педагогикалық шеберлік конкурсына қатысуға

ӨТІНІМ

Білім беру ұйымы:

Номинация:

I. Конкурскқа қатысушы туралы мәлімет, ЖСН

1.1. Конкурскқа қатысушының аты-жөні (толықтай):

1.2. Лауазымы және жұмыс өтілі:

1.3. Мекенжайы, жұмыс орны:

Телефон:

Ұйымның электронды почтасының адресі:

1.4. Байланыс телефоны:

Қатысушының электронды почтасының адресі:

II. Білім беру ұйымы әкімшілігінің осы қатысушыны (Өтініш берушіні)
білім беру ұйымы басшысының қолымен және мөрімен куәландырылған
конкурскқа ұсыну туралы шешімі:

Директор

Жеке қолы

Қолдың толық
жазылуы

М.О.

Арнайы білім беру ұйымдарының, арнайы балабақшалар мен
арнайы мектептердің педагогтері үшін республикалық педагогикалық
шеберлік конкурсының конкурстық материалдарын ресімдеуге қойылатын
ТАЛАПТАР

Конкурстың I кезеңі

1. Сабақтың/оқудың/тәрбие іс-шарасының бейнежазбасы AVI, MPED, WMP (таңдауға) кеңейтімі бар электрондық нұсқада ұсынылады. Бейнежазба оқу/сабақ/тәрбие іс-шарасының технологиялық карта түріндегі жоспар-конспектісімен, сондай-ақ MSWord форматында ресімделген сабақтың өзін-өзі талдауымен сүйемелденеді.

Қоса берілген файлдардың мәтіні мынадай параметрлерді сақтай отырып ресімделеді:

а) жоспар-конспект: парақтың бағыты – альбом; аланы: сол жағынан – 1 см, оң жағынан – 1 см, төменгі жағынан – 1,5 см, жоғарғы жағынан – 3 см; тақырыптың әріп қарпі – Times New Roman, 14кегль; мәтіннің қарпі – Times New Roman, 12 кегль.

б) оқуды/сабақты өзін-өзі талдау: парақтың бағыты – кітап; аланы: сол жағынан – 3 см, оң жағынан – 1,5 см, төменгі жағынан – 1,5 см, жоғарғы жағынан – 2 см; тақырыптың әріп қарпі - Times New Roman, 14 кегль; негізгі мәтіннің қарпі – Times New Roman, 14 кегль.

2. Жіберілетін бейне файлдардың көлемі 2 Гб-тан аспайды, форматтары стандартты:

*.mp 4 немесе *.avi.

3. Бейнероликтердің атауына «Қатысушының Т.А.Ә.» форматында қол қойылады. Роликтің атауы. Ұйымның атауы».

Конкурстың II кезеңі

1. Портфолиоға: соңғы үш жылда өткен кемінде 72 сағат көлемінде мамандық бойынша біліктілікті арттыру курстарының сертификаттары; облыстық және республикалық конференциялардың, семинарлардың, өткізілген шеберлік сыныптарының бағдарламалары, конкурсқа қатысушының аты-жөнін көрсете отырып, тәжірибе алмасу бойынша басқа да іс-шаралар; үлгілік оқу бағдарламаларын, оқу-әдістемелік кешендерді жасауға қатысканын растайтын құжаттар (оқулық, жұмыс дәптері, әдістемелік құрал), мүмкіндігі шектеулі білім алушылардың тәрбие жұмысының бағдарламалары; кәсіби қызметке сәйкес тақырыптар бойынша жарияланған мақалалардың баспа-таңбалары енгізіледі.

2. Конкурсқа қатысушының мақсаттарын, құндылықтарын мен жұмыс

тәжірибесін таныстыру жұмыс жүйесінің немесе педагог қызметінің жекелеген компоненттерінің сипаттамасын, қызметтің нақты мысалдарын, педагогикалық міндеттерді шешудегі тәжірибенің нәтижелілігі мен тиімділігінің дәлелдерін қамтуы тиіс. Тәжірибені дамыту перспективалары. Материалдар Microsoft Power Point бағдарламасында, 10-15 слайд көлемінде ұсынылады (бейнематериалдарды қолдану арқылы да болады).

Конкурстың II кезеңінің материалдарын қабылдауға арналған электрондық почта мекенжайы: *арнайы мектеп және арнайы балабақшалардың қатысушылары үшін - sso_konkurs@mail.ru, ПМПК мамандары үшін - dko_nnrc@mail.ru, ОО, ППТК және АО қатысушылар үшін - kprk.rc@mail.ru. Хаттың тақырыбында қатысушының аты-жөні, аймағы, номинацияның атауы және ұсынылған ұйым көрсетіледі.*

Педагогтің электрондық портфолиосының құрылымы

1. Педагог туралы жалпы мәліметтер:
 - 3x4 мөлшеріндегі фотосуретті міндетті түрде салумен тегі, аты, әкесінің аты (бар болса);
 - жоғары білімі туралы диплом;
 - ғылыми дәрежесі (бар болса);
 - біліктілікті арттыру (сертификаттар, куәліктер);
 - марапаттар (грамоталар, мақтау қағаздары, алғыс хаттар, пікірлер мен ұсынымдар, біліктілікті арттыру курстарының сертификаттары, оның ішінде қашықтықтан (білімін растайтын құжаттардың сканерлері, курстардың өтуін, құрмет грамоталарының, сертификаттардың сканерлері).
2. Педагогикалық қызмет мониторингі:
 - соңғы үш жылдағы мүмкіндігі шектеулі балалардың білімі мен дағдыларының сапасын дамыту мониторингі және динамикасы;
 - кәсіби конкурстарға жеке қатысқаны туралы мәліметтер (сертификаттар, олар болған жағдайда, грамоталар);
 - мүмкіндігі шектеулі балаларға психологиялық-педагогикалық көмектің нәтижелері, балаларды білім беру ұйымдарының әртүрлі түрлеріне (мектеп, балабақша және т.б.) қосу.
3. Ғылыми-әдістемелік қызмет

Педагог жұмыс істейтін педагогикалық бағыт бойынша барлық ақпарат:

 - түзету-дамыту жұмыстарының қолданылатын технологияларының, әдістері мен тәсілдерінің сипаттамасы;
 - дидактикалық материалдың сипаттамасы (фотоматериалдар);
 - педагог қатысқан семинарлар, конкурстар, «дөңгелек үстелдер», фестивальдар бойынша материалдар:
 - зерттеу қызметі:
 - авторлық бағдарламаларды, оқу-әдістемелік кешендерді, әдістемелік материалдарды әзірлеу, оларға хаттамалар жазу (бар болса);
 - білім беру және әлеуметтік жобаларды іске асыру жөніндегі материалдар (бар болса):
 - шығармашылық есептер, семинарлар, ашық сабақтар, тренингтер, ғылыми-практикалық конференцияларда сөз сөйлеу туралы мәліметтер;
 - бұқаралық ақпарат құралдарына жарияланымдар;
 - тәжірибе алмасу бойынша жұмыс.
4. Сабақтан тыс жұмыстар:
 - балалардың шығармашылық жұмыстары (бар болса);
 - ата-аналардың, әріптестердің, педагогтардың, әлеуметтік серіктестердің, жұртшылықтың пікірлері;
 - волонтерлік қызмет, қайырымдылық шараларына қатысу.

Сканерленген құжаттар Бір құжатпен ұсынылуы және Zip-папка форматында мұрағатталуы тиіс.

Арнайы білім беру ұйымдарының, арнайы балабақшалар мен арнайы
мектептердің педагогтері үшін республикалық педагогикалық шеберлік
конкурсына педагогтер ұсынған материалдарды бағалау
КРИТЕРИЙЛЕРІ

1. I (іріктеу) кезеңнің КОНКУРСТЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫН БАҒАЛАУ

1.1. Ашық сабақтың/оқудың бейнежазбасы (30 минутқа дейін)

1.1.1. «Оналту орталығының/психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің/аутизмі бар балаларды қолдау орталығының үздік педагогы (мұғалімі)» номинациясы

1.1.2. «Оналту орталығының/ психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің үздік педагогы (тәрбиешісі)» номинациясы

1.1.3. «Арнайы балабақшаның үздік педагогы (мұғалімі)» номинациясы

1.1.4. «Арнайы балабақшаның үздік педагогы (тәрбиешісі)» номинациясы

1.1.5. «Арнайы мектептің үздік педагогы (мұғалімі)» номинациясы

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл			
1	Сабақ/оқу жоспары нақты тұжырымдалған: педагог пен тәрбиеленушілер/білім алушылар қызметінің мақсаты, міндеттері, мазмұны, сабақ/оқу құрылымы; сараланған және жеке тәсілді, ресурстарды, кері байланыс орнату тәртібін, қол жеткізілген нәтижелерді бағалау тәсілдерін қамтиды	0	1	2	3
2	Сабақтың/оқудың мақсаттары мен міндеттері тәрбиеленушілердің/оқушылардың дағдылары мен жеке қасиеттерін сипаттайтын күтілетін нәтижелерді тұжырымдайды	0	1	2	3
3	Педагог/тәрбиеші тәрбиеленушілердің/оқушылардың іс-әрекетін ынталандырудың жоғары деңгейін жасайды және қолдайды	0	1	2	3
4	Педагогтың/тәрбиешінің балалармен қарым-қатынас стилі психологиялық жайлылықты, өзара қарым-қатынас пен өзара сыйластық атмосферасын қамтамасыз етеді	0	1	2	3
5	Педагог/тәрбиеші қазіргі заманғы педагогикалық технологияларды (соның ішінде АКТ) пайдаланады, білім беру процесінің түзету-дамыту және тәрбиелік бағытталу әдістерін пайдаланады, тәрбиеленушілердің/білім алушылардың дербес қызметі мен ынтымақтастығы үшін жағдайлар жасайды	0	1	2	3
6	Педагогпен/тәрбиешімен бірлескен және тәрбиеленушілердің/білім алушылардың дербес іс-әрекетінің	0	1	2	3

	мазмұны олардың мүмкіндіктеріне сәйкес келеді, сараланған және жеке тәсіл, тәрбиеленушілердің білім алушылардың жетістіктерін ағымдағы және қорытынды бағалау қамтамасыз етілген				
7	Сабақтың/оқудың мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізілді	0	1	2	3
8	Педагог сабақ/оқу құрылымына, әдістемелік әдістерді тандауға негізделген өзін-өзі талдауға баға береді, сараланған және жеке көзқарастың қажеттілігін түсіндіреді, көрнекілік құралдарын, практикалық әрекеттерді, топтық жұмысты және т.б. қолданады, сабақта/оқуда қол жеткізілген нәтижелерге объективті баға береді	0	1	2	3
Ең жоғары балл:					24

Бағалау:

- 0 – көрсеткіш көрінбейді;
- 1 – көрсеткіш жеткіліксіз ұсынылған;
- 2 – көрсеткіш жеткілікті деңгейде ұсынылған;
- 3 – көрсеткіш жоғары деңгейде ұсынылған.

1.1.6. «Арнайы мектептің үздік тәрбиешісі» номинациясы

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл			
1	Сабақ/іс-шаралар жоспары нақты тұжырымдалған: тәрбиеші мен тәрбиеленушілер қызметінің мақсаты, міндеттері, мазмұны, сабақ/іс-шаралар құрылымы, сараланған және жеке көзқарас, ресурстар	0	1	2	3
2	Сабақтың/іс-шараның мақсаты мен міндеттері күтілетін нәтижелерді көрсетеді	0	1	2	3
3	Тәрбиеші тәрбиеленушілердің ынталануы мен белсенділігінің жоғары деңгейін қалыптастырады және қолдайды	0	1	2	3
4	Тәрбиешінің балалармен қарым-қатынас стилі психологиялық жайлылықты, өзара қарым-қатынас пен өзара сыйластық атмосферасын қамтамасыз етеді	0	1	2	3
5	Тәрбиеші заманауи педагогикалық технологияларды (соның ішінде АКТ) қолданады, түзету-дамыту және тәрбиелеу міндеттерін шешудің тиімді әдістерін қолданады	0	1	2	3
6	Сабақтың/іс-шараның мазмұны, өткізу нысаны, жоспардың өзіндік ерекшелігі оқушылардың қызығушылығын тудырады, ынтымақтастыққа деген ұмтылысты қолдайды, оқушылардың белсенділігін, шығармашылық қабілеттерін көрсетуге ықпал етеді	0	1	2	3
7	Сабақтың/іс-шараның мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізілді	0	1	2	3
8	Тәрбиеші сабақтың/іс-шараның құрылымына негізделген өзін-өзі талдауға, оқушылардың іс-әрекетін ұйымдастыру	0	1	2	3

тәсілдерін тандауға, сабақта/іс-шарала кол жеткізілген нәтижелерге объективті баға береді	
Ең жоғары балл:	24

Бағалау:

- 0 – көрсеткіш көрінбейді;
- 1 – көрсеткіш жеткіліксіз ұсынылған;
- 2 – көрсеткіш жеткілікті деңгейде ұсынылған;
- 3 – көрсеткіш жоғары деңгейде ұсынылған.

1.1.7 «Арнайы балабақша тәрбиеленушілерін психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің үздік педагогы» (мұғалім-логопед, сурдопедагог, тифлопедагог, олигофренопедагог, педагог-психолог) номинациясы

1.1.8 «Арнайы мектеп оқушыларын психологиялық-педагогикалық сүйемелдеудің үздік педагогы» номинациясы (логопед-мұғалім, сурдопедагог, тифлопедагог, олигофренопедагог, педагог-психолог).

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл			
1	Сабақ жоспары нақты тұжырымдалған: түзету-дамыту және тәрбиелеу міндеттері, педагог пен тәрбиеленушілер/білім алушылар қызметінің мазмұны, сабақ құрылымы, сараланған және жеке көзқарас, ресурстар, кері байланыс орнату тәртібі, кол жеткізілген нәтижелерді бағалау тәсілдері	0	1	2	3
2	Сабақтың міндеттері күтілетін нәтижелерді көрсетеді, тәрбиеленушілердің/білім алушылардың дағдылары мен жеке қасиеттерін сипаттайды	0	1	2	3
3	Педагог сабақта тәрбиеленушілердің/оқушылардың ынталануы мен белсенділігінің жоғары деңгейін қалыптастырады және қолдайды	0	1	2	3
4	Педагогтың балалармен қарым-қатынас стилі психологиялық жайлылықты, ынтымақтастық атмосферасын, өзара сыйластықты қамтамасыз етеді	0	1	2	3
5	Педагогтың бірлескен іс-әрекетінің мазмұны тәрбиеленушілердің/оқушылардың сақталған функциялары мен күшті жақтарына сүйене отырып, бұзылған функцияларды жетілдіруге және/немесе өтеуге, өзін-өзі бақылауды, рефлексиялық дағдыларды қалыптастыруға бағытталған	0	1	2	3
6	Педагог заманауи арнайы психологиялық-педагогикалық түзету-дамыту әдістемелерін (оның ішінде АКТ-ны пайдалана отырып) пайдаланады, қажетті және жеткілікті пәндік даму ортасын жасайды, тәрбиеленушілердің/білім алушылардың дербес қызметі мен ынтымақтастығы үшін	0	1	2	3

жағдайларды қамтамасыз етеді				
7	Сабақтың мақсаты мен міндеттеріне қол жеткізілді	0	1	2 3
8	Педагог сабақ құрылымына, әдістемелік әдістерді тандауға, сараланған және жеке көзқарастың қажеттілігін түсіндіруге, түзету және дамыту құралдарын, көрнекі-дидактикалық материалдарды қолдануға, сабақта/оқуда қол жеткізілген нәтижелерге объективті баға беруге негізделген өзіне-өзі талдау береді	0	1	2 3
Ең жоғары балл		24 балла		

Бағалау:

0 – көрсеткіш көрінбейді;

1 – көрсеткіш жеткіліксіз ұсынылған;

2 – көрсеткіш жеткілікті деңгейде ұсынылған;

3 – көрсеткіш жоғары деңгейде ұсынылған.

**«Арнайы білім берудің үздік педагогы»,
«Оңалту орталығының/психологиялық-педагогикалық түзету/аутизмі бар
балаларды қолдау орталығының үздік педагогы» номинациялары
бойынша І кезең үшін ең жоғары баллдар
КЕСТЕСІ**

- | | |
|----|--|
| 1. | 1) Сабақтың/оқудың/іс-шараның бейнежазбасы
2) сабақ/оқу/іс-шаралар жоспары-конспектісі
3) сабақты өз талдауы |
|----|--|

**«Баланың ерекше білім беру қажеттіліктерін үздік бағалау»
(ПМПК мамандары үшін)
(әлеуметтік педагогтардан басқа)
бағалау критерийлері**

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл				Ко нку рст ық тап сы рм ан ың ен жо ғар ы бағ ас
1	Зерттеу құрылымын сақтау және хаттаманы толтыру сапасы	0	1	2	3	
2	Максаттар мен міндеттерге, көрнекі құралдар мен материалдарға қол жеткізу үшін әдістер мен тәсілдерді тандаудың негізділігі	0	1	2	3	
3	Қолданылатын терминологияның дәлдігі	0	1	2	3	
4	Зерттеу барысында пәнаралық байланыстарды іске асыру	0	1	2	3	
5	Ерекше білім беру қажеттіліктерін анықтаудың толықтығы	0	1	2	3	
6	Зерттеу хаттамасы мазмұнының ЕБК-ны қанағаттандыру жөніндегі ұсынымдарға сәйкестігі	0	1	2	3	
7	Кәсіби шеберлік және құзыреттілік	0	1	2	3	
8	Ресімдеу мәдениеті	0	1	2	3	
Ең жоғары балл		24 балл				

ы 24 балл.

0 – сәйкес келмейді

1 – нақтылауды қажет етеді

2 – толық көлемде сәйкес келмейді

3 – толық сәйкес келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0-ден ең жоғары көрсеткішіне дейін бағаланады.

«Отбасына ең жақсы кеңес беру» бағалау критерийлері

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл			
1	Дамудың өзектілігі мен өзіндік ерекшелігі	0	1	2	3
2	Қолданылатын терминологияның дәлдігі	0	1	2	3
3	Материалды ұсынудың қисындылығы, түсінікті әдістемелік негіздеменін болуы	0	1	2	3
4	Ата-аналарға бар проблемаларды, күшті және ықтимал мүмкіндіктерді сенімді түрде көрсетуге мүмкіндік беретін баланың іс-әрекетін сапалы талдау	0	1	2	3
5	Кеңес беру мазмұнының анықталған ерекше білім беру	0	1	2	3

	кажеттіліктеріне сәйкестігі				
6	Ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша кенес берудің қолжетімділігі	0	1	2	3
7	Кәсіби шеберлік және құзыреттілік	0	1	2	3
8	Бейне-кенес берудің болуы	0	1	2	3
Ең жоғары балл		24 балл			

Конкурстық тапсырманың ең жоғары бағасы **24 балл**.

0 – сәйкес келмейді

1 – нақтылауды қажет етеді

2 – толық көлемде сәйкес келмейді

3 – толық сәйкес келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0-ден ең жоғары көрсеткішіне дейін бағаланады.

«ЕБҚ бар баланың отбасы үшін дағдыларды дамытудың үздік үй бағдарламасы» бағалау критерийлері

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл			
1	Баланы тексеру хаттамасының және даму бағдарламасының мазмұнының сәйкестігі	0	1	2	3
2	Дамудың өзектілігі мен өзіндік ерекшелігі	0	1	2	3
3	Мақсаттар мен міндеттерді сауатты қою	0	1	2	3
4	Әдістер мен тәсілдердің нақты және қолжетімді сипаттамасы. Балалардың өнімді, белсенді қызметіне бағытталған әдістерді, әдістемелерді қолдану.	0	1	2	3
5	Дидактикалық үстел, еден ойындарын, иллюстрацияланған материалдарды таңдау (суреттер, схемалар және т. б.)	0	1	2	3
6	Бейне кеңес берудің болуы	0	1	2	3
7	Материалды ұсынудағы шығармашылық, инновациялық және кәсіби тәсіл	0	1	2	3
8	Ресімдеу мәдениеті	0	1	2	3
Ең жоғары балл		24 балл			

Конкурстық тапсырманың ең жоғары бағасы **24 балл**.

0 – сәйкес келмейді

1 – нақтылауды қажет етеді

2 – толық көлемде сәйкес келмейді

3 – толық сәйкес келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0-ден ең жоғары көрсеткішіне дейін бағаланады.

**«Педагогтерге үздік кеңес беру-әдістемелік көмегі»
бағалау критерийлері**

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл				Ко нқу рст ық тап сы рм ан ын ен жо
1	Дамудың өзектілігі мен өзіндік ерекшелігі	0	1	2	3	
2	Максаттар мен міндеттерді сауатты қою	0	1	2	3	
3	Мазмұнның қойылған максаттар мен міндеттерге сәйкестігі	0	1	2	3	
4	Қолданылатын терминологияның дәлдігі	0	1	2	3	
5	Ғылыми негізділігі, заңнамалық база	0	1	2	3	
6	Кеңес берудің қолжетімділігі	0	1	2	3	
7	Педагогтің пәндік-кәсіби құзыреттілігі	0	1	2	3	
8	Ресімдеу мәдениеті	0	1	2	3	
Ең жоғары балл					24 балл	

Ғары бағасы **24 балл.**

0 – сәйкес келмейді

1 – нақтылауды қажет етеді

2 – толық көлемде сәйкес келмейді

3 – толық сәйкес келеді

Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0-ден ең жоғары көрсеткішіне дейін бағаланады.

II (соңғы) кезеңнің КОНКУРСТЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫН БАҒАЛАУ
(арнайы балабақшалардың, арнайы мектептердің, оңалту орталығының,
психологиялық-педагогикалық түзету кабинетінің және аутизмі бар
балаларды қолдау орталығының педагогтері үшін)

2.1. Конкурскка қатысушының портфолиосы

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл
1	Педагог соңғы үш жылда кемінде 72 сағат көлемінде мамандығы бойынша біліктілікті арттыру курстарынан өтті	1
2	Педагог облыстық және республикалық конференцияларға, семинарларға қатысып, шеберлік сыныптары, тәжірибе алмасу бойынша басқа да іс-шаралар өткізді	1
3	Педагогтың соңғы үш жылдағы кәсіби қызметіне сәйкес тақырып бойынша жарияланымдары бар	1
4	Педагог ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін үлгілік оқу бағдарламаларын жасауға қатысты	1
5	Педагог ерекше білім беру қажеттіліктері бар білім алушылар үшін ОӘК (оқулықтар, жұмыс дәптерлері, әдістемелік құралдар) құруға қатысты	1
Ең жоғары балл		5

2.2 Жұмыс тәжірибесінің презентациясы

(Microsoft Power Point бағдарламасында 15 слайдтан аспайтындай пайдалану)

№	Критерийлер мен көрсеткіштер	балл			
1	Кәсіби мақсаттар мен құндылықтар Қазақстан Республикасында білім беруді дамытудың қазіргі заманғы үрдістерін ескере отырып тұжырымдалған (ізгілендіру, әрбір оқушы үшін жоғары сапаны қамтамасыз ету, тұлғаға бағдарланған оқыту, ынтымақтастық, ашықтық, өмір бойына білім беру)	0	1	2	3
2	Ұсынылған әдістемелік жүйе ғылыми негізделген, бұзылған функцияларды жеңуге немесе өтеуге, оң жеке қасиеттерді қалыптастыруға бағытталған	0	1	2	3
3	Педагог қазіргі кезеңде ерекше білім беру қажеттіліктері бар балалармен жұмыс жасауда ғылыми-әдістемелік проблематиканы түсінуді, нормативтік-құқықтық актілер саласында акпараттандыруды көрсетеді	0	1	2	3

4	Педагог педагогикалық интуицияны, шығармашылықты, импровизацияны, ұйымдастырушылық қабілеттерді, қарым-қатынасты көрсетеді	0	1	2	3
5	Өз тәжірибесінің идеялары нақты, қисынды, негізделген, оны таратуға мүмкіндік бар. Әдістемелік жүйенің тиімділігі негізделген, оның тиімділігі көрсетілген	0	1	2	3
6	Презентацияда қолданылған мәтіндік және иллюстрациялық материалдар берілген акпаратты қабылдауға және түсінуге ықпал етеді	0	1	2	3
Ең жоғары балл: 18 балл					

Бағалау:

0 – көрсеткіш көрінбейді;

1 – көрсеткіш жеткіліксіз ұсынылған;

2 – көрсеткіш жеткілікті деңгейде ұсынылған;

3 – көрсеткіш жоғары деңгейде ұсынылған.

II кезеңдегі (соңғы) ең жоғары баллдардың ЖИЫНТЫҚ КЕСТЕСІ

1.	Конкурса қатысушының портфолиосы
2.	Жұмыс тәжірибесінің презентациясы
Жиыны	

II. II (соңғы) кезеңнің КОНКУРСТЫҚ МАТЕРИАЛДАРЫН БАҒАЛАУ (психологиялық-медициналық-педагогикалық кеңес беру маманы үшін)

1-3,4 балл

1. Педагогтің кәсіби құзыреттілігі (соңғы үш жылда) - 3 балл

1 балл - Диагностикалық тексеру саласында кәсіби білімі мен дағдыларын меңгерген. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады. Білім беру ұйымдарындағы ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша ұсыныстар жасайды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды дамыту, оқыту және тәрбиелеудегі ауытқуларды еңсеру және алдын алу мәселелері бойынша отбасына кеңес береді. Ұйымның қоғамдық өміріне, сондай-ақ әдістемелік, консультативтік, кеңесші және өзге де жұмыс түрлеріне қатысудың жоғары белсенділігін көрсетеді.

2 балл - Диагностикалық тексеру саласында кәсіби білімі мен дағдыларын меңгерген. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады. Білім беру ұйымдарындағы ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша ұсыныстар жасайды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды дамыту, оқыту және тәрбиелеудегі ауытқуларды еңсеру және алдын алу мәселелері бойынша отбасына кеңес береді. Ұйымның қоғамдық өміріне, сондай-ақ әдістемелік, консультативтік, кеңес беру және жұмыстың өзге де

нысандарына қатысудың жоғары белсенділігін көрсетеді. ЕБҚ бар балаларды тексеру бойынша әдістемелік материалдар әзірлейді. Ата-аналарға кеңес беру бойынша әдістемелік материалдарды, ата-аналар мен педагогикалық жұртшылық үшін акпараттық, ағартушылық материалдарды әзірлейді.

3 балл - Диагностикалық тексеру саласында кәсіби білімі мен дағдыларын меңгерген. Ерекше білім беру қажеттіліктерін бағалауды жүзеге асырады. Білім беру ұйымдарындағы ерекше білім беру қажеттіліктерін қанағаттандыру бойынша ұсыныстар жасайды. Ерекше білім беру қажеттіліктері бар балаларды дамыту, оқыту және тәрбиелеудегі ауытқуларды еңсеру және алдын алу мәселелері бойынша отбасына кеңес береді. Ұйымның қоғамдық өміріне, сондай-ақ әдістемелік, консультативтік, кеңес беру және жұмыстың өзге де нысандарына қатысудың жоғары белсенділігін көрсетеді. ЕБҚ бар балаларды тексеру бойынша әдістемелік материалдар әзірлейді. Ата-аналарға кеңес беру бойынша әдістемелік материалдарды, ата-аналар мен педагогикалық жұртшылық үшін акпараттық, ағартушылық материалдарды әзірлейді. Жобалау, зерттеу, ғылыми-әдістемелік қызметті жүзеге асырады.

2. Педагогтің арнайы білім беруді дамытуға қосқан үлесі (соңғы үш жылда) - 3 балл

1 балл - семинарларға, кенестерге, конференцияларға қатысу;

2 балл - семинарларда, отырыстарда, конференцияларда баяндамалар жасау. Аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі психологиялық-педагогикалық басылымдарда, БАҚ-та педагогтердің мақалаларын жариялау;

3 балл - семинарларда, отырыстарда, конференцияларда баяндамалар жасау. Аудандық, облыстық және республикалық деңгейдегі психологиялық-педагогикалық басылымдарда, БАҚ-та педагогтердің мақалаларын жариялау.

Әдістемелік материалдарды; бағдарламаларды, оқу-әдістемелік кешендерді әзірлеуге қатысу.

Әдістемелік материалдарды әзірлеу; жобалау, ғылыми-әдістемелік, зерттеу қызметін іске асыру. Педагогтарды оқыту және тәлімгерлік.

3. Педагогтың кәсіби шеберлігі мен жеке басын бағалау - 4 балл

1 балл - педагогтерді әріптестердің, ұйым басшысының, басқа қауымдастықтар өкілдерінің, ата-аналардың тануы (әкімшіліктің, әріптестердің, ата-аналардың, әлеуметтік серіктестердің пікірлері);

2 балл - педагогтарды әріптестердің, ұйым басшысының тануы, әкімшіліктің, әріптестердің, ата-аналардың, әлеуметтік серіктестердің, педагогикалық қоғам өкілдерінің пікірлері;

3 балл - педагогтерді республикалық маңызы бар педагогикалық ұйымдардың, білім беру ұйымдары басшыларының, әріптестердің, басқа қоғамдастықтар өкілдерінің тануы (әкімшіліктің, әріптестердің, ата-аналардың, әлеуметтік әріптестердің, ғылыми, педагогикалық қоғамдастық өкілдерінің пікірлері, алғыс хаттар); баланы білім беру ұйымына психологиялық-педагогикалық сүйемелдеу кезінде қоғамдастыққа ықпал ету (бұқаралық акпарат құралдарында тану,) консультациялық көмек көрсету;

4 балл - педагогтерді республикалық маңызы бар педагогикалық ұйымдардың, білім беру ұйымдары директорларының, әріптестердің, басқа қоғамдастықтар өкілдерінің тануы (әкімшіліктің, әріптестердің, ата-аналардың, әлеуметтік

әріптестердің, ғылыми, педагогикалық қоғамдастық өкілдерінің пікірлері, алғыс хаттар, грамоталар, халықаралық деңгейдегі дипломдар); қоғамдастыққа әсер ету (бұқаралық ақпарат құралдарында тану)

Нақты көрсеткішке сәйкестік әр критерийдің 0 ден ең жоғары көрсеткішіне дейін бағаланады.